


GEOKURS
продажа геодезического оборудования



ТЕОДОЛИТ GT 5/5L, 2/2L

РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

МАЗМҰНЫ

Ескертулер.....	4
Аспапты пайдалану және қолданыс аймағы.....	5
Техникалық сипаттамалары	6
Функциялары мен батырмалары.....	8
Аспаптың өлшеу алдындағы баптаулары	11
Окуляр мен көру дүрбісінің нысан анықтау қызметі	12
Сипаттамалар мәндерін өзгерту.....	13
Оптикалық аспа көмегімен деңгейлеу және центрлеу	15
Эксплуатация	17
Салыстырып тексеру	23
Жабдықтары	28
Қателер кодтары	28
Техникалық қолдау мен қызмет көрсету	29

ЕСКЕРТУЛЕР

Аспапты қолданар алдында пайдаланушының нақты Басшылығын оқыңыз.

Көз жарақаттарын алдын алу мақсатында аспап дүрбісін тура күн сәулесіне бағыттауға болмайды.

Аспапты соққылардан қорғаңыз және құлатпаңыз.


Штативке орнатылған аспапты иыққа салып тасымаңыз.

Температураның күрт ауыспалы режимінен сақтаныңыз. Температураның күрт ауытқуы өлшеу дәлдігіне, электронды жүйе жұмысына әсер етеді, сонымен қатар, нысанның ылғалдылық конденсациясын тудырады.

Аспапты суық ауадан ғимараттың ішіне кіргізгенде, конденсация жүру үшін оны жылы құрғақ жерге орналастыру қажет.

Бұл аспап шаң мен ылғалдан қорғалған сезімтал электронды бөлшектерден тұрады. Шаң мен ылғалдың аспаптың ішкі бөлігіне кіруі оған зиян келтіруі мүмкін. Аспапты жоғары ылғалдылық шарттарында қолданғаннан кейін, оны дереу кептіріп, құрғақ аспап қорабында сақтаңыз. Төмен температураларда аспаптың сұйық-кристалды экранының қызметі баяулайды. Аспапты ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, батареяларды қуат көзі бөлігінен алып қойыңыз.

Аспапты қорабына орналастырар алдында, аспаптың нүктелі белгілерін сәйкестендіріп, бекіту винттерін сәл тартыңыз. Аспапты нүктелі белгілерін жоғары қаратып орналастырыңыз. Аспапты қорапқа орналастырғаннан соң, бекітпелерін босатып, аспаптың дұрас орналасқанына көз жеткізіңіз. Бекітпелерін тағы сәл бұрап, қорапты жабыңыз.



АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОЛДАНЫС АЙЫМАҒЫ


Нақты электронды теодолитте фотоэлектрлі инкрементті бұрыш өлшеуіш жүйе қолданылған. Бұрыштық өлшеу дәлдігі 2'' және 5'' тұрады. Аспапта бұрыштарды өлшеу, мәліметтерді сақтау және көрсету, т.б. түрлі функцияларды орындау үшін оптикалық, механикалық, электронды және компьютерлік технологиялар пайдаланылды. Аспап горизонталь (көлденең) және вертикаль (тік) бұрыштарды көрсетеді, вертикаль бұрыштар мәнін пайыздық көрсеткіштерге түрлендіреді. Сонымен қатар, вертикаль бұрыштар мәндері өсімшелермен түзетіліп өлшенеді. Теодолит теміржол және автомобиль жолдары, көпірлер, су құрылыстары сияқты түрлі салаларда қолданыла алады. Оны түрлі құрылыс тапсырмаларын шешу барысында пайдалануға болады, олар: ірі көлемді құрылғыны бағдарлау, топографиялық түсіріс, т.б. құрылыс алаңындағы өлшеулер.


ТЕХНИЧЕСКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

		Геокурс GT-2	Геокурс GT-5
Көру дүрбісі	Көрініс	Тура	Тура
	Үлкейтуі	30х	30х
	Апертура	45 мм	45 мм
	Көру бұрышы	1° 30'	1° 30'
	Ең қысқа арақашықтық	1,35 м	1,35 м
	Арақашықтық өлшеуіштің тұрақты түзеткіші	100	100
	Шегі	3"	3"
Бұрыш өлшеу жүйесі	Бұрыштық өлшеулер	Инкрементті	Инкрементті
	Ең кіші көрсеткіші	1" или 5"	1" немесе 5"
	Анықтау әдісі	Г. екі бағытта, В. бір бағытта	Г. екі бағытта, В. бір бағытта
	Дәлдігі	2"	5"
	Бұрыштың өлшем бірлігі	Градустар / мил / гон / V%	Градустар / мил / гон / V%
	Дисплей	Екі жақты сұйық-кристалды экран	Екі жақты сұйық-кристалды экран
Түзеткіш	Автоматты түзеткіш	Бар	Жоқ
	Түзету ауқымы	+/-3'	+/-3'
Оптикалық аспау	Көрініс	Тура	Тура
	Үлкейтуі	3X	3X
	Көру бұрышы	5°	5°
	Нысанды анықтау ауқымы	0,5 м – ∞	0,5 м – ∞
	Жіпшелер торының типі	Қиылыспа	Қиылыспа
Үлбіреуікті деңгей	Цилиндрлік деңгей	30"/2 мм	30"/2 мм
	Дөңгелек деңгей	8'/2 мм	8'/2 мм
Қолдану шарттары	Температура	-20 дан +50°С дейін	-20 дан +50°С дейін
Қуат көзі	Батареялар түрі	АА типті өлшемдегі 4 никель-металлогидридті батареялар бөлігі	АА типті өлшемдегі 4 никель-металлогидридті батареялар бөлігі
	Кернеу	4,8 В	4,8 В
	Қуат көзінің жұмыс уақыты	кіші батареяларынан 36 сағат	кіші батареяларынан 36 сағат
Шаң мен ылғал өтуден қорғалу санаты	IP54		
Салмағы	4,5 кг		
Өлшемдері	164 x 154 x 340 мм		
Кепілдік мерзімі	1 жыл		

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

		Геокурс GT-2L	Геокурс GT-5L
Көру дүрбісі	Көрініс	Тура	Тура
	Үлкейтуі	30х	30х
	Апертура	45 мм	45 мм
	Көру бұрышы	1° 30'	1° 30'
	Ең қысқа арақашықтық	1,35 м	1,35 м
	Арақашықтық өлшеуіштің тұрақты түзеткіші	100	100
	Шегі	3"	3"
Бұрыш өлшеу жүйесі	Бұрыштық өлшеулер	Инкрементті	Инкрементті
	Ең кіші көрсеткіші	1" или 5"	1" или 5"
	Анықтау әдісі	Г. екі жаққа, В. бір жаққа	Г. екі жаққа, В. бір жаққа
	Дәлдігі	2"	5"
	Бұрыштың өлшем бірлігі	Градустар / мил / гон / V%	Градустар / мил / гон / V%
	Дисплей	Екі жақты сұйық-кристалды экран	Екі жақты сұйық-кристалды экран
Түзеткіш	Автоматты түзеткіш	Бар	Жоқ
	Түзету ауқымы	+/-3'	+/-3'
Оптикалық аспау	Көрініс	Тура	Тура
	Үлкейтуі	3X	3X
	Көру бұрышы	5°	5°
	Нысанды анықтау ауқымы	0,5 м – ∞	0,5 м – ∞
	Жіпшелер торының типі	Қиылыспа	Қиылыспа
Үлбіреуікті деңгей	Цилиндрлік деңгей	30"/2 мм	30"/2 мм
	Дөңгелек деңгей	8'/2 мм	8'/2 мм
Қолдану шарттары	Температура	-20 дан +50°С дейін	-20 дан +50°С кейін
Қуат көзі	Батарея түрі	AA типті өлшемдегі 4 никель-металлогидридті батареялар бөлігі	AA типті өлшемдегі 4 никель-металлогидридті батареялар бөлігі
	Кернеу	4,8 В	4,8 В
	Батареяның жұмыс уақыты	кіші батареялардан 36 сағат	кіші батареялардан 36 сағат
Лазерлі нысан көрсеткіш	Лазер типі	635Nm	
	Лазер қуаты	5mW	
	Лазердің алыс қашықтығы	180 м (көлеңкеде)	
	Лазерлі сәуленің нысанды анықтау диаметрі	≤ 3мм/100	
Шаң мен ылғал өтуден қорғалу санаты	IP54		
Салмағы	4,5 кг		
Өлшемдері	164 x 154 x 340 мм		
Кепілдік мерзімі	1 жыл		







Батырма	Негізгі қызметі	Қосымша қызметі
ON/OFF	Аспапты қосу немесе өшіру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспаптың баптауына өтетін функционалды батырма 2. Нөлдік орын қатесін баптауға өтетін функционалды батырма 3. Түзеткіш баптауына өтетін функционалды батырма
	Көру жіпшелері мен СК-экранды жарықтандыру батырмасы	
0SET 	Горизонталь (көлденең) бұрыштар жиынтығы (нөлге келтіру)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты орнату кезінде мәзірге көшу батырмасы 2. Түзеткіштің баптауына өту функционалды батырмасы 3. Аспапты орнату кезінде енгізу функционалды батырмасы
HOLD 	Горизонталь (көлденең) бұрыш мәнін тіркеу батырмасы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты орнату кезінде мәзірге көшу батырмасы 2. Аспапты орнату кезінде енгізу функционалды батырмасы 3. Нөлдік орын қатесін баптауға өтетін функционалды батырма
R/L 	Горизонталь (көлденең) бұрышты солға немесе оңға айналдыра өзгерту	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты орнату кезінде мәзірді таңдау батырмасы 2. Аспапты орнату кезінде енгізу функционалды батырмасы
V%	Вертикаль (тік) бұрыш пен еңістік арасындағы түрлендіру	<ol style="list-style-type: none"> 1. Аспапты орнату кезінде енгізу функционалды батырмасы 2. Бастапқы баптауларды растау батырмасы

АСПАПТЫҢ ӨЛШЕУ АЛДЫНДАҒЫ БАПТАУЛАРЫ

Қуаттандыру түрлері

Нақты теодолит үшін қуаттандырудың екі түрі қарастырылған: бір реттік немесе аккумуляторлы қуаттандырғыш көмегімен. Аккумуляторлы қуаттандырғыштар герметикалық бөлікте сатылады. Бір реттік қуаттандырғыш дәл осындай бөлікте қозғалмалы ашпасымен ұсынылған.

Аспаптан қуаттандырғыш бөлікті алу үшін бұранданы «▼» белгісі «UNLOCK» (ОТКРЫТО) жазуына көрсететіндей етіп бұрыңыз да, қуаттандырғыш бөлікті ажыратыңыз. Қуаттандырғыш бөлікті орнату үшін, оның көтеріңкі төменгі бөлігін теодолиттің ұңғымасына орналастырыңыз.

Қуаттандырғыш бөлікті орнына орналастырып, оның жоғарғы жағын итеріңіз. Бұранданы «▼» символы «LOCK» (ЗАКРЫТО) жазуына көрсететіндей етіп бұрыңыз. Бір реттік қуаттандырғышты бөлігіне орналастыру үшін қуаттандырғыш бөлігінің қақпашасын ашып, (+) және (-) полярлығын сақтай отырып, AA типті өлшемдегі 4 батареяны салыңыз.



Батарейаларды қуаттандыру

Қуаттандыру құралын айнымалы ток көзіне қосыңыз. Қуаттандыру құралының индикаторы жасыл түспен жана бастайды.

Қуаттандыру құралының тетігін батареялық бөліктің қуаттану портына жалғыңыз. Қуаттандыру құралы индикаторындағы жасыл түс қызылмен жана бастайды, ол қуаттандыру басталғанын білдіреді. 3-4 сағаттан кейін қызыл индикатор қайтадан жасыл болып жанады, ол қуаттандырудың аяқталғанын білдіреді.

Абайлаңыз! Бір рет қолданатын батареяларды қуаттандыруға тиым салынады, бұл қуаттандырғыш бөлік пен қуаттандыру құралына үлкен зиянын тигізуі мүмкін.

Назар аударыңыз! Қуаттандырғыш бөлікті ашар алдында аспапты өшіріңіз.

ОКУЛЯРМЕН КӨРУ ДҮРБІСІНІҢ НЫСАН АНЫҚТАУ ҚЫЗМЕТІ

Окулярдың баптаулары

Көру дүрбісін жарық жазықтыққа бағдарлаңыз. Окуляр бұрандасын көру жіпшелерінің қиылысуы анық көрінетіндей етіп бұраңыз.

Оптикалық паралаксты жою

Көру жіпшелері торында нысан анық көретіндей етіп нысан анықтау бұрандасын айналдырыңыз. Нысан көрінісі градуировка сызығына қатысты жылжымайтынына көз жеткізу үшін көзіңізді жоғары және төмен түсіріп-көтеріңіз. Егер нысан көрінісі жылжымаса, оптикалық паралакс жоқ.

Сипаттамаларының мағынасы

Алғашқы өлшеу жүргізер алдында, қажетті барлық бастапқы сипаттамаларды енгізіңіз. Қалың шрифтпен өндірушінің зауыттағы сипаттамалары көрсетілген.

Бастапқы баптаулар	Таңдалған мәндер
1. Бұрыштардың өлшем бірлігі	360° / 400G / 6400 Unit A / Unit B / Unit C
2. Зенит бұрышы	ZEN == 0 / ZEN == 90
3. Автоматты түрде өшу уақыты	30 OFF / NO OFF
4. Ең төмен көрсеткіш	dsp1 / dsp5
5. Түзеткішті өшіріп-қосу	TILT ON / TILT OFF
6. Горизонталь бұрыш орнының индикациясы	NoBeep / 90° Beep

Сипаттамалар мәндерін өзгерту

«HOLD» және «0SET» батырмаларын басып ұстап тұрыңыз да, «ON/OFF» батырмасын басыңыз. «ON/OFF» толықмәтінді ақпарат шыққан кезде жіберіңіз, одан кейін дыбыстық белгі берілгенде «HOLD» және «0SET» батырмаларын жіберіңіз. Аспап бастапқы баптаулар режиміне көшеді де, экранда келесі ақпарат пайда болады:

360° ' ''
UNITA

- «▶» және «◀» батырмаларының көмегімен сипаттамаларды таңдау беттерін қараңыз.
- «▲» батырмасын нақты бір сипаттаманы таңдау үшін басыңыз.
- «V / %» батырмасын бұрыштарды өлшеу режиміне өту үшін басыңыз.

Бұрыштарды өлшеу бірлігі

- UNIT A (A бірлігі): 360° (градустар)
- UNIT B (B бірлігі): 400 (гон)
- UNIT C (C бірлігі): 6400 (мил)

360° ' ''
UNITA

Вертикаль (тік) бұрыштың нөлдік орыны

- ZEN == 0: зенит 0°
- ZEN == 90: зенит 90°

ZEN==90
VERTICAL

Автоматты түрде өшу уақыты

- NO OFF (ӨШІРМЕ.): автоматты түрде өшу қолданылмайды
- 30 OFF (30 КЕЙІН ӨШУ): аспап 30 минут ішінде қолданылмаса, өшеді

NO OFF
AUTO OFF

Ең төмен көрсеткіш

- DSP 1 (1 көрсеткіш): ең кіші көрсеткіш 1”
- DSP 5 (5 көрсеткіш): ең кіші көрсеткіш 5”

DSP 1

Түзеткіштің (компенсатор) баптаулары

- V TILT ON (В. КОМПЕНСАТОР ҚОСУ.):
Компенсаторды қосу
- V TILT OFF (В. КОМПЕНСАТОР ӨШУ.):
Компенсаторды өшіру

TILT ON

Горизонталь (көлденең) бұрыш индикациясы

- NO BEEP (Дабыссыз): горизонталь бұрыш
Индикациясы өшірілген
- 90 BEEP (90° болғандағы белгі): аспап
0°, 90°, 180° немесе 270° шамаларына жақындағанда
дыбыстық белгі беріледі

NO BEEP


Оптикалық аспа көмегімен деңгей леу және центрлеу

- Штативтің аяқтарын жұмысқа қолайлы (біркелкі) биіктіктегі жерге орналастырыңыз.

Аяқтарын жазып, штативтің басын барынша деңгейге дәл, ал оның центрін тірек нүктесінің дәл үстіне келетіндей етіп қойыңыз. Штатив аяқтарын жер бетіне мықтап орнықтырып, оның нық орналасқанына көз жеткізіңіз.


- Аспапты абайлап штатив басының ортасына, көтеру винттері штатив аяқтарының ортасына келетіндей етіп орналастырыңыз. Аспапты штативке бекітіңіз. Орталық белгінің барлық көтерме винттерде көрініп тұрғанын байқаңыз (бұл арқылы деңгейге орнатудың толық жұмысы орындалады).

- Оптикалық аспаптың окуляры көру винттері қиылыспасына көздеп, оны баптаңыз. Қиылыспа жіпшелерді жазықтықты анық көретіндей етіп баптау шарт. Егер сіз тірек нүктесін оптикалық аспаптың окуляры арқылы анық көре алмасаңыз, штативтің екі аяғын абайлап көтеріп, штативті тірек нүктесі визирлік жіпшелер аумағында 2,5 см (бір дюйм) айналасына оралғанша, штативтің үшінші аяғының айналасында айналдырасыз. Штативтің екі аяғын тағы да көтеріп, оптикалық аспаптың тексерістерін тағы бір мәрте қайталаңыз. Қажет болған жағдайда осы әрекеттерді тірек нүктесі оптикалық аспаптың айналасында пайда болғанша қайталаңыз. Көтерме винттерді айналдыра отырып, теңестірулерді аяқтаңыз (бұл кезеңде аспап деңгейге толық теңестірілмесе де, айналдыра тірек нүктесіне бағдарлап көздеу аяқталады).



Оптикалық аспа көмегімен деңгей леу және центрлеу


- Штативтің аяқтарын ішке немесе сыртқа шығара итеріп, үлбіреуіктің қасында орналасқан аспаптың дөңгелек деңгейін орталықтандырыңыз. Назар аударыңыз! Штативтің тек екі аяғын ғана пайдаланыңыз. Осы амалдарды 6 мм ($\frac{1}{4}$ дюйм) шегіне жеткенше қайталаңыз.
- Осыдан соң аспаты цилиндрлік деңгейге тура орналастырыңыз. Аспапты босатып, кез келген екі көтеру винттерінің көмегімен цилиндрлік деңгей ВС сызығына параллель орналасатындай бұрыңыз. Көтеру винттерінің бұру бағыты суретте көрсетілгендей болуы шарт. Винттерді айналдырғанда, оларды бірдей баптаңыз. Үлбіреуік сіздің сол қолыңыздың бас бармағы бағытында айналады. Үлбіреуікті оңға жылжыту үшін В өтеру винтін ішке қарай, осы уақытта С көтеру винтін де ішкі бағытта бұраңыз. Үлбіреуікті солға қарай жылжыту үшін екі винтті де сыртқы бағытта бұраңыз.
- Үлбіреуікті деңгейдің ортасына орналастырып, аспаты А көтеру винтінің айналасында 90° -қа бұрып, А винтін ішкі немесе сыртқы бағытта үлбіреуік деңгейшенің ортасына келгенше бұраңыз. ВС бірінші орналасу позициясына оралып, осы әрекеттерді үлбіреуік екі орналасу жағдайында да деңгейшенің ортасына орналасқанша қайталаңыз. Содан кейін баптауды тексеру үшін ВС жағдайынан аспапты 180° -қа бұрыңыз. Егер үлбіреуік ортада немесе $\frac{1}{4}$ бөлшегінде орналасса, онда аспап деңгейге келтірілді.
- Енді тірек нүктесі үстінен центрлеуді тексеріңіз. Егер аспап тура тірек нүктесі үстінде орналаспаса, штативтің бекітпесі сәл босатып, аспапты штативтің үстінде x – y бағытында қозғаңыз. Аспапты бұрмаңыз. Аспаптың деңгейге орналасуын тағы бір мәрте тексеріңіз, осы әрекеттерді аспап үлбіреуік деңгейі мен тірек нүктесі үстіне орналасқанша қайталаңыз. Біршама тәжірибеден соң, бұл әрекетті орындау оңай әрі жылдам болады.




АСПАПТЫ ПАЙДАЛАУ

Іске қосу

- «ON/OFF» батырмасын басып ұстап тұрыңыз. Толықмәтінді ақпарат пайда болғанда, «ON/OFF» батырмасын жіберіңіз. Экранда келесі ақпарат көрінеді:



- Аспап қалыпты жағдайда орналасқанда, көру дүрбісін жоғары және төмен қозғаңыз. Дыбыстық белгі берілгенде, экранда вертикаль (тік) бұрыш көрсетіледі. Аспап өлшеу режимі көшеді.
- Қуат көзі қосылып, аспап өлшеу режиміне көшкеннен кейін, экранның оң жақ төменгі бұрышында батареяның белгісі шығады, ол қуат мөлшерін көрсетіп тұрады.
- Егер барлық төрт тіктөртбұрыш көрініп тұрса, қуаттандырғыштардың барлығы толық қуаттандырылған.
- Тіктөртбұрыштар санының азаюы қуат мөлшерінің төмендегенін білдіреді.
- Егер батареяның белгісі дабылдай бастаса, қуат мөлшері төмен, батареяны қуаттандыру немесе алмастыру қажет.



Қуат мөлшері
белгісі

БҰРЫШТЫҚ ӨЛШЕУЛЕР

Көру дүрбісінің қалыпты және теріс орналасу кезіндегі бақылаулар

Дүрбінің қалыпты және теріс орналасуы сол жақ вертикаль дөңгелектің өлшемдеріне сәйкес келеді. Теріс орналасу оң жақтағы вертикаль дөңгелектің өлшемдеріне сәйкес келеді. Механикалық қателіктерді қалыпты және теріс жағдайда өлшенген мәндердің орта есебін алу арқылы түзетуге болады.

Қалыпты



Теріс




Вертикаль (теріс) бұрышты өлшеу

0° бұрышы орнын алғашқы баптаулау кезінде төмендегідей анықтауға болады.

ZEN==0 (Zenith 0°)

ZEN==90 (Zenith 90°)



Түзеткіштің көмегімен вертикаль (тік) бұрышты түзету


- Егер аспап $\pm 3'$ шегінде еңістенген болса, компенсатор (түзеткіш) вертикаль бұрышқа түзетулер енгізе алады. Егер еңістік $\pm 3'$ шамасынан артып тұрса, суретте көрсетілгендей аспап экранында «TILT» (ЕҢІСТІК) хабарламасы шығады.

Еңістікті анықтау

- «V/%» батырмасын бассаңыз, вертикаль бұрыштың мәні еңістіктің мәніне алмасады. «V/%» батырмасын тағы бір мәрте бассаңыз, қайтадан вертикаль бұрыштың мәні шығады.

Ескерту. Вертикаль бұрыштың мәні еңістіктің мәніне нөлден кейін төрт таңбалы сандық дәлдікпен алмасады. Еңістіктің мәні тек $\pm 45^\circ$ (100%) шегінде ғана беріледі.

Вертикаль бұрыштың мәні бұл шамадан артық болған жағдайда, көрсетілмейді.



Горизонталь бұрышты өлшеу

- Горизонталь бұрышты жою

«0SET» батырмасын бассаңыз, горизонталь бұрыш нөлге теңеседі.

V	90° 00' 10"
H _L	150° 36' 10" ■■■



V	90° 00' 10"
H _L	150° 36' 10" ■■■



V	90° 00' 10"
H _L	209° 23' 50" ■■■

V	90° 00' 10"
H _L	150° 36' 10" ■■■

V	90° 00' 10"
H _L	00° 00' 00" ■■■



V	90° 00' 10"
H _L	150° 36' 10" ■■■

Горизонталь бұрышты өлшеудің бағытын таңдау


- «R/L» батырмасын горизонталь бұрышты өлшеудің бағытын таңдау үшін басыңыз. Егер «HR» жазуы шықса, бұрыштың мәні сағат тілі бағыты бойынша артады. Егер «HL» жазуы шықса, онда бұрыштың мәні сағат тіліне қарсы бағытта артады.

Горизонталь бұрыш мәнін тоқтату

- «HOLD» батырмасын бассаңыз, горизонталь бұрыш мәні тоқтап қалады. Көру дүрбісінің бағытын өзгерткен жағдайда да, горизонталь бұрыштың мәні өзгермейді. «HOLD» батырмасын қайтадан бассаңыз, горизонталь бұрыш мәнін тоқтату әрекеті жойылады.


АСПАПТЫ ӨШІРУ

«ON/ OFF» батырмасын басып ұстап тұрыңыз, дыбыстық белгіден соң «OFF» (СӨНДІРУ) жазуы шығады. «ON/ OFF» батырмасын босатса, аспап өшеді.



Қашықтық өлшеуіш көмегімен арақашықтықты өлшеу

Нивелирлік таяқшадағы есепті көру дүрбісінің арақашықтықтық жіпшелерінің көмегімен санаңыз. Нысан мен өлшенген нүкте арасындағы нақты арақашықтық L анықтау үшін алынған мәнді 100-ге көбейтіңіз. (100 – аспаптың тұрақты көбейткішінің қателігі, яғни $L = l \times 100$).



ТІРЕКТІ БЕКІТУ ЖӘНЕ БОСАТУ

Тіректі босату

- Жазық дәнекердің көмегімен бекіткіш трегердің тоспасындағы винтті босағанша шығарыңыз.
- Трегер тоспасының бекіткішін сағат тіліне қарсы 180° қарсы бұрыңыз. Аспап негізін бір қолыңызбен ұстап тұрып, аспапты негізінен шешіп алыңыз.


Аспап негізін орнату

Трегер тоспасының негізін соңына дейін сағат тіліне қарсы бұраңыз. Бекітпе бөлікті аспаптың қаңқасына тірекке орнатыңыз. Аспаптың өзін негізге орнатыңыз.

Трегер тоспасының бекіткішін сағат тілі бағытымен қатты, «v» белгісі төменге көрсеткенге дейін бұраңыз. Бекітпе винтті соңына дейін бұраңыз.



Рукоятка



Орнату блогы

Тегігі

САЛЫСТЫРЫП ТЕКСЕРУ

Цилиндрлік деңгей

- Аспапты штативке орнатып, оны шамалап деңгей бойынша қойыңыз. Негізіндегі кез келген екі винттерді жалғайтын сызыққа параллель етіп цилиндрлік деңгейді орналастырыңыз. Цилиндрлік деңгейдің үлбіреуігі ортасына келетіндей етіп, екі көтерме винттерді бұраңыз.
- Аспапты 180° -қа бұрып, үлбіреуік деңгейдің ортасында қалады ма, жоқ па, соны тексеріңіз.



- Егер үлбіреуік деңгейшенің ортасында тұрса, қосымша баптаулар қажет емес. Кері жағдайда, аталған баптауларды тағы қайталаңыз.
- Үлбіреуік деңгейдің баптау винттерінің көмегімен үлбіреуікті жартылай шамалық қателікпен деңгейшенің ортасына көшіріңіз.
- Қателіктің басқа бөлігін түзету үшін көтерме винттерді үлбіреуік деңгейшенің ортасына келетіндей етіп бұраңыз.
- Аспапты 180 градусқа бұрып, үлбіреуік деңгейдің ортасында қалғанын тексеріңіз. Егер үлбіреуік деңгейдің ортасында қалса, баптаулар орындалды. Қарсы жағдайда, аспаптың кез келген жағдайында үлбіреуік деңгейдің ортасында тұрғанша қайталап орындаңыз.


Дөңгелек деңгей

Аспаптың цилиндрлік деңгейін баптағаннан соң, оның дөңгелек деңгейін қалпына келтіріңіз. Егер үлбіреуік ортасында орналасса, онда қосымша баптаулар қажет емес. Қарсы жағдайда, сымшаның көмегімен үлбіреуікті центрлеу үшін үш баптау винттерін бұраңыз.



Оптикалық аспа

- Теодолитті штативке орнатыңыз (аспапты деңгей бойынша орнату қажет емес)
- Нысанды аспаптың астына қойыңыз
- Нысанның бейнесін көздеңіз, нысан көру жіпшелері торының ортасында орналасатындай етіп, көтерме винттерін баптаңыз.
- Аспапты 180° -қа бұрыңыз.
- Егер нысан визирлік жіпшелер торының ортасында қалса, она баптаулар қажет емес. Қарсы жағдайда, баптауларды төмендегідей ретпен қайталаңыз.
- Оптикалық аспаудың қорғаныс қақпашасын босатыңыз.
- Визирлік жіпшелер торының баптау винттерінің көмегімен нысанның центрден ауытқуын екі есеге дейін қысқартыңыз. Ескерту. Жіпшелерді пайдаланыңыз (төменде көрсетілгендей).
- Нысан центрмен теңескенше, жоғары көрсетілген қадамдарды қайталаңыз.




Көру дүрбісінің вертикаль жіпшелерінің перпендикуляр қиылысуы

- Аспапты штативке орнатып, оң деңгей бойынша тура орнатыңыз.
- Нысанның А нүктесін аспаптан 50 метр қашықтықта орналастырыңыз.
- Көру дүрбісін А нүктесіне бағыттаңыз. Көру дүрбісін вертикаль бойынша тура қозғау көмегімен қозғаңыз. Егер А нүктесі вертикаль жіпше бойымен жылжыса, қосымша баптаулар қажет емес.

Егер А нүктесі вертикаль жіпшенің бойынан ауытқып кетсе, төмендегі баптауларды орындаңыз:

- Визирлік жіпшелер торының қорғаныс қақпасын алып, төрт баптау винттерін сәл босатыңыз. А нүктесі вертикаль визирлік жіпшемен сәйкес келетіндей етіп бұраңыз да, винттерді қайтадан бекітіп қойыңыз.

Жоғарыда көрсетілген әрекеттерді қателік толығымен жойылғанша қайталаңыз.



Коллимациялық қателік

- Аспапты штативке қойып, оны тура деңгей бойынша орнатыңыз.
- Дүрбінің қалыпты тура жағдайында біршама арақашықтан аспапты А нүктесіне бағыттаңыз. Горизонталь (көлденең) бұрыштың HR-DIRECT есебін алыңыз. Одан соң дүрбінің теріс жағдайында «HR-REVERSE» горизонталь бұрышының есебін алыңыз. Онда коллимациялық қателігі $C = (HR-Direct - HR-Reverse \pm 180^\circ) / 2$. Егер $C < 10''$ болса, баптаулар қажет емес. Егер $C > 10''$ болса, онда төменде көрсетілгендей баптаулар жасау қажет. Дүрбінің теріс жағдайындағы баптауларды дәлірек жасаңыз, оның мәні $HR-Rev = HR-Rev + C$ болуы шарт. Визирлік жіпшелер торының қорғаныс қақпашасын алып, визирлік жіпше А нысанымен сәйкес келетіндей сол және оң жақ баптау винттерін баптау қажет. Шартты жағдайға қол жеткізгенше, осы әрекеттерді қайталаңыз.




Вертикаль дөңгелектің нөлдік орының қателігі

- Аспапты штативке қойып, оны тура деңгей бойынша орнатыңыз.
- Қалыпты жағдайда аспапты кез келген Р нүктесіне бағыттаңыз, вертикаль бұрыш V-Direct есебін алыңыз.
- Көру дүрбісін теріс жағдайға айналдырып, аспапты тағы Р нүктесіне бағыттаңыз. Екінші V-Rev вертикаль бұрыш есебін алыңыз.
- Егер $(V-Direct + V-Rev) - 360^\circ = \leq 15''$ болса, баптаулар қажет емес. Қарсы жағдайда, төменде көрсетілген әрекеттерді жасаңыз.

«ON/ OFF» батырмасын басып тұрып, бір уақытта «R/L» және «HOLD» батырмаларын басып ұстап тұрыңыз. Толық мәтінді ақпарат шыққан кезде «ON/ OFF» батырмасын, одан кейін дыбыстық белгіден соң «R/L» және «HOLD» батырмаларын босатыңыз.

Горизонталь жағдайда аспаптың қалыпты жағдайында көру дүрбісін қозғаңыз. Вертикаль бұрыш нөлмен қиылысқанда жойылады. Қалыпты жағдайда көру дүрбісін P нысанына бағыттап, растау үшін «0SET» батырмасын басыңыз.

Дүрбінің теріс жағдайында аспапты P нысанына бағыттаңыз да, растау үшін «0SET» батырмасын басыңыз. Осы жағдайда нөлдік орын қателігінің түзетулері орындалады.



ҚОСАЛҚЫ БӨЛШЕКТЕРІ

- Қалайы аспасы, 1 дана.
- Құралдар топтамасы (дәнекерші и 2 сымша), 1 дана.
- Ылғалжұтқыш қаптамалар, 2 дана.
- Су өтпейтін қаптама, 1 дана.
- Пайдаланушының басшылығы, 1 дана.
- Қуаттандырғыш құрал, 1 дана.
- Кіші батареялар жұбы, 1 дана.
- Аккумуляторлық батареялар жұбы, 1 шт.

ҚАТЕЛЕР КОДЫ

Экрандағы хабарлама	Мағынасы мен жою жолдары
E01	Есеп қателігі, егер бұл код бірнеше рет қайталанса, онда жөндеу жұмыстары қажет
TOO FAST	Көру дүрбісі немесе коллиматор тым тез бұрылған жағдайда, «ON/ OFF» немесе « » батырмаларынан басқа кез келген батырманы басыңыз, аспап қалыпты жағдайға оралады.
E04	I горизонталь бұрышы белгісінің қателігі, жөндеу жұмысы қажет
E05	II горизонталь бұрышы белгісінің қателігі, жөндеу жұмысы қажет
E06	Вертикаль бұрышы белгісінің қателігі, жөндеу жұмысы қажет
TILT	Түзеткіш компенсатордың көрсеткіштері шектен тыс. Аспапты деңгейге қайталап орналастырыңыз. Егер қателік коды жойылмаса, аспапты жөндеуге беру қажет. Ескерту. Уақытша кедергі келтірмес үшін компенсаторды өшіріп қоюға болады.

Өнімдердің сапасын үнемі арттырып отыру саясатына сәйкес өндіруші-компания өнімдердің құрылымы мен техникалық сипаттамаларын алдын ала ескертусіз өзгерту немесе жаңарту құқығына ие.

Техникалық қолдау және қызмет көрсету

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ТАЗАРТУ

Теодолит дәл өлшеуші аспап болғандықтан сәйкес дәрежедегі қолданысты талап етеді.

– Өлшеуші аспапты ешқашан суға немесе басқа да сұйықтық затқа батырмаңыз.

- Қолданғаннан соң, аспапты құрғақ матамен сүртіп, қорабына салу қажет.

- Дымқыл теодолитті қорбының ішінде кебуге мүмкіндік беру керек. Суық аспапқа қоршаған орта температурасында қалыпқа келуге мүмкіндік беру керек.
- Шыны бетінен суды тек жұмсақ қыл щеткамен сүртіңіз, шыныларға саусақтарыңызды тигізбеңіз.
- Әр қорапта ылғалжұтқыш қаптамалар бар, олар жаңа түрінде сақталуы тиіс.
- Аспапты құрғақ, шаң баспаған және желдетіліп тұратын бөлмеде сақтаңыз.

Егер өлшеуіш аспап дайындалу әдістері мен сынақтарына қарамастан істен шығып қалса, онда жөндеу жұмыстарын Геокурс ЖШС компаниясының рәсімделген қызмет көрсету зертханасында жасаған дұрыс.

СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қазақстан Республикасы

«Геокурс» Жауапкершілігі Шектеулі Серіктестігі

Қызмет көрсету бойынша сервистік орталығы

Абай даңғылы, 150/230, 852 кеңсе

050046, Алматы қаласы

Тел.: +7 (727) 229-00-00

Е-Mail: info@geocourse.kz

СОДЕРЖАНИЕ

Предостережения.....	32
Использование и область применения инструмента	33
Технические характеристики	34
Функции и кнопки	36
Подготовка инструмента перед измерениями	39
Фокусировка окуляра и зрительной трубы	40
Изменение значений параметров	41
Центрирование и установка по уровню при помощи оптического отвеса	43
Эксплуатация	45
Поверка	51
Принадлежности	55
Коды ошибок	55
Техобслуживание и сервис.....	56

ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ

Перед использованием инструмента внимательно прочтите настоящее Руководство пользователя. Во избежание повреждения глаз запрещается направлять зрительную трубу непосредственно на солнце.

Не допускайте ударов по инструменту и падения инструмента.

Не переносите установленный на штатив инструмент на плече.


Избегайте резких перепадов температуры. Резкое изменение температуры влияет на точность измерений, работу электронной системы, а также вызывает конденсацию влаги на линзах объектива. При перемещении инструмента с холодного воздуха в помещение его необходимо поместить в теплое сухое место, чтобы конденсат испарился.

Данный инструмент содержит чувствительные электронные компоненты, защищенные от проникновения пыли и влаги. Попадание пыли или влаги внутрь инструмента может привести к его повреждению. После использования инструмента в условиях повышенной влажности его необходимо незамедлительно высушить и хранить в сухом футляре для инструмента.

При низких температурах работа ЖК-экрана замедляется.

Во избежание протекания батарей извлеките батарейный блок из инструмента, если он не будет использоваться в течение длительного времени.

Перед тем, как сложить инструмент в футляр, совместите символы точек на инструменте и слегка затяните зажимные винты. Помещайте инструмент в футляр точками вверх. Поместив инструмент в футляр, ослабьте зажимы и убедитесь, что инструмент расположен правильно. Слегка затяните зажимы после, полностью поместив инструмент в футляр.



символами

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ И ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ИНСТРУМЕНТА

В данном электронном теодолите используется фотоэлектрическая инкрементная угломерная система. Точность угловых измерений составляет 2" и 5". В инструменте применяются оптические, механические, электронные и компьютерные технологии для выполнения различных функций, включая измерение углов, отображение и хранение данных. Инструмент отображает горизонтальные и вертикальные углы, а также выполняет преобразование вертикальных углов в процентное выражение. Кроме того, измерения вертикальных углов компенсируются.


